

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығын мерекелеуге орай азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы материалдық көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қарағанды қалалық мәслихатының IV шақырылған XXXI сессиясының 2010 жылғы 25 наурыздағы N 320 шешімі. Қарағанды қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 14 сәуірде N 8-1-111 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты өз қызметін тоқтатқан (Қарағанды қалалық мәслихатының 2012 жылғы 20 сәуірдегі N 2-34/165 хатымен)

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты өз қызметін тоқтатқан (Қарағанды қалалық мәслихатының 2012.04.20 N 2-34/165 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20 бабына сәйкес және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығын мерекелеуге байланысты, Қарағанды қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Азаматтардың келесі санаттарына біржолғы материалдық көмек көрсетілсін :

1) қорғанысқа қатысу әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілерге, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшыларына және қатардағы құрамының адамдарына 10000 теңге мөлшерінде;

2) Ұлы Отан соғысы кезінде әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теніз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдарына, яки сол кездерде қорғанысқа қатысу майдандағы женілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдарға 10000 теңге мөлшерінде;

3) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұсташа орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарға 10000 теңге мөлшерінде;

4) қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға 10000 теңге мөлшерінде;

5) Ұлы Отан соғысында қаза тапқандардың (хабар-ошарсыз кеткен, қайтыс болған) қайта некеге отырмаған зайыптарына (жұбайларына) 10000 теңге мөлшерінде;

6) жалпы ауруға шалдығудың немесе еңбек ету кезінде зақым алудының нәтижесінде қайтыс болған, екінші рет некеге тұрмаған, соғыс мүгедектерінің және соларға тенестірілген мүгедектердің әйелдеріне (куйеулеріне) 10000 теңге мөлшерінде;

7) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарімен наградталған адамдарға, сонымен қатар 1941 жылдың 22 маусымы мен 1945 жылдың 9 мамыры аралығында алты айдан кем емес жұмыс істеген (қызмет еткен) және Ұлы Отан соғысы жылдары тылда ерен еңбегі мен қалтықсыз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған тұлғаларға 5000 теңге мөлшерінде.

2. Уәкілетті орган "Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – бөлім):

1) бөлім тізімдері бойынша жоғарыда көрсетілген санаттарға біржолғы материалдық көмек тағайындауды және шоттарға төлемдерді төлеуді қамтамасыз етсін, ал біржолғы материалдық көмекті алуға құқығы бар, бірақ бөлім тізімдерінде жоқ тұлғаларға белгіленген тәртіп бойынша тұлғаның белгілі бір санатқа жататындығын растайтын құжатқа сәйкес, банк операцияларын жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарда ашылған зейнетақы мен жәрдемақылар алушылардың жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініш тақсырады;

2) банк операцияларын жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарда ашылған жеке шоттарға 2010 жылдың 1 шілдесіне дейін біржолғы материалдық көмек сомасының аударылуын қамтамасыз етсін;

3) материалдық көмек көрсету шығындарын 007 "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" бағдарламасында қаралған қаражат есебінен қаржыландырысын .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау еңбек, әлеуметтік саланы дамыту және халықты әлеуметтік қорғау мәселесі жөніндегі тұрақты комиссияға жүктелсін (төраға – Асхат Қанатұлы Аймағамбетов).

4. Осы шешім оларды алғаш ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік

күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылғы 1 сәуірден бастап пайда болған қатынастарға қолданылады.

IV шақырылған Караганды
қалалық мәслихатының кезекті
XXXI сессиясының төрайымы О. Буздалина
мәслихатының хатшысы Карапанда
КЕЛІСІЛДІ: К. Бексұлтанов
Калалық
мәслихатының хатшысы
Ж. Ысқақов
"Қарағанды қаласының жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығының
міндетін атқарушы
30.03.2010

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК